

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**
**«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған
музыкалық мектеп-интернат» Кешені» ММ**

Бекітемін
«Музыкалық колледж - дарынды балаларға
арналған музыкалық мектеп-интернат»
Кешені» ММ-нің басшысы

С.Қ. Сыздықов
2018 ж. « 28 » « 09 »



**«Ән салу» білім беру
бағдарламасының сапасын
қамтамасыз ету
саясаты**

Павлодар 2018

«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ жаңа білім беру және ақпараттық технологияларға бағытталған, заманауи материалдық-техникалық ресурстармен, рухани және ғылыми мұрасы бай жоғары білікті кадрлары бар, қарқынды дамып келе жатқан оқу орны.

"Ән салу" білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясаты өз кезегінде білім беру саласындағы ұлттық саясатқа, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тұжырымдаған Білім және ғылым мемлекеттік бағдарламасына **сәйкес келеді.**

"Ән салу" білім беру бағдарламасы академиялық, дәстүрлі, эстрадалық вокалдық орындаушылық саладағы жетекші позицияға бағдарланған Кешен стратегиясына ықпал ете отырып, сапаны қамтамасыз етудің негізгі бағыттарынан құрылған оқыту мен білім беруге қатысты **Бағдарды** қамтиды.

"Ән салу" білім беру бағдарламасының **стратегиялық мақсаты** сапалы білім беру қызметтерін ұсыну, сондай-ақ кәсіби музыкалық білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылады. Мақсаты музыканттың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту, ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылатын негізгі орта кәсіби білім беру стандарттарына сәйкес академиялық, дәстүрлі, эстрадалық ән салу әртістері мен оқытушыларын дайындау.

"Ән салу" білім беру бағдарламасының **миссиясы** білім, кәсіпқойлық, патриотизм, руханилық сияқты құндылықтар маңызды мәдениет және өнер саласындағы болашақ оқытушы және орындаушы кадрларды дайындау бойынша базалық және кәсіби дағдыларға ие вокалды орындаушылық және білім беру саласында жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды дайындаудан тұрады.

Сапаны қамтамасыз ету қағидалары

1. Сапаны қамтамасыз ету және оның құжаттау үшін жалпы жауапкершілік білім беру бағдарлама басшысына жүктеледі және оқытушылар, әкімшілік-техникалық жұмысшылар мен студенттермен ынтымақтастықта орындалады.

2. Білім беру бағдарламасы сапасын қамтамасыз ету дамытуда кәсібилікке, диалогқа және біліммен алмасуға негізделеді. Сапаны қамтамасыз ету мамандықтардың барлық бағыттарын: Академиялық ән салу, Эстрадалық ән салу, Дәстүрлі ән салу сапасын жүйелі және тұрақты дамуды қолдайды.

3. Сыртық мүдделі тараптар сапаны қамтамасыз етуді дамыту және бағалау бөлігі бола отырып, тұрақты негізде үдеріске тартылған.

4. Сапа жүйесі білім беру бағдарламасының барлық қызмет бағыттарын: оқу, әдістемелік, тәжірибелік, концерттік-ұйымдастырушылық, дәрістік, ғылыми-зерттеушілікті қамтиды. Сапа жүйесі мобильді, оқытушылар, студенттер, ата-аналар үшін ашық.

5. Саясатты жүзеге асыру ресурстары болып білім беру мамандары, оқу-материалдық база, оқу-әдістемелік тәжірибе, тәрбие жұмысының дәстүрлері табылады

«Ән салу» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясатының негізгі бағыттары

1. "Ән салу" білім беру бағдарламасының және оның қатысушыларының білім беру қызметтері нарығында және білім беру кеңістігінде беделі мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және нығайту.

2. Сабақтастық қағидаттарында құрылған (мектеп-колледж), әрбір блок кәсіби-базалық және басқа блокқа қатыстылығы бойынша практикалық болып табылатын үздіксіз кәсіби музыкалық білім берудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін білім беру қызметтерін қамтамасыз ету.

4. Балалар вокалдық өнерін дамытуға, ән айту техникасын, әншінің көркемдік – орындаушылық тәрбиесін дамытуға ерекше тәсілдемені жүзеге асыру.

5. Вокалдық орындаушылықтың заманауи талаптарына сәйкес келетін вокалдық шеберліктің арнайы техникасын практикалық меңгеру негізінде сапалы кәсіби музыкалық білім алу, кәсіби қызмет құралы ретінде дауысты меңгеру, репертуарды саналы орындауға қол жеткізу.

6. Білім алушының шығармашылық әлеуетін, оқу кезеңінде және одан әрі кәсіби қызметте қолданылатын білім, білік, дағды негізінде кәсіби міндеттерді шешу қабілетін ашуға ықпал ететін мәдени-шығармашылық тәрбие ортасын құру.

7. Өз мамандығының мәнін, маңызын түсінетін, оған тұрақты қызығушылық таныта отырып, білім беру қызметтерін тұтынушылардың қажеттілігін талдай отырып мамандық шеңберінде білімі мен іскерлікке ие орта буын мамандарына қатарына жататын жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету.

8. Білім беру мекемелерімен, жұмыс берушілермен өзара тиімді қатынастар орнату арқылы білім беру нарығында сенімді серіктестік ретінде білім беру бағдарламасының имиджін қалыптастыру және нығайту.

9. Теориялық түсіну арқылы тәжірибелік вокалды педагогика саласына бағытталған заманауи педагогикалық технологияларды, инновацияларды меңгерумен байланысты педагогикалық жұмыс тәжірибесін жалпылау, педагогикалық жұмысшылардың біліктілігін арттыру, педагогтардың ғылыми-зерттеу, әдістемелік жұмыстарын дамыту.

10. Әртүрлі бағыттардағы және жанрлардағы вокалды музыканы жариялауға бағытталған білім беру бағдарламасының студенттері мен педагогтарының белсенді концерттік-орындаушылық, конкурстық қызметі.

11. Өз кәсіби қызметін танытуға, дарынды жастарды қолдауға көмектесетін республикалық және халықаралық деңгейдегі байқауларға, қойылымдарға, көлемді іс-шараларға және жобаларға қатысу.

12. Колледждің тұрақты дамуы негізінде қызметкерлер мен студенттердің өмір сүру сапасын арттыру. Шығармашылықпен жұмыс істейтін қызметкерлерді және колледж студенттерін ынталандыру, ақпараттандыру және әлеуметтік қорғаудың тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру.

**«Ән салу» білім беру бағдарламасы келесі міндеттемелерді орындауды
мойнына алады:**

- осы саясатты білім беру бағдарламасының барлық оқытушылары мен студенттері назарына жеткізу және оны білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының түсінуін қамтамасыз ету;

- білім беру үрдісіне қатысушылардың осы Саясатты және оның негізгі бағыттарын жүзеге асыру үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету;

- саясат пен мақсаттарға олардың өзектілігі тұрғысынан талдау жүргізу;

- оқытушыларды құзыреттілігін үздіксіз арттыру, мотивация, шығармашылық бастаманы қолдау, корпоративтік мәдениетті дамыту арқылы сапа менеджменті жүйесін жақсарту жөніндегі қызметке «Ән салу» білім беру бағдарламасының қатысушыларын тартуды қамтамасыз ету;

- білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған барлық мүдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша өз мүмкіндіктерін және қол жеткізілген нәтижелерді тұрақты талдауды жүзеге асыру.

«Ән салу» бөлімінің отырысында қаралды

2018 ж. 28.09. № 2 Хаттама